

## Аңдатпа

Бұл дипломдық жобаның мақсаты ЭКГ-5И шөмішті экскаваторының негізгі электр жетектерін басқару жүйесін салыстырмалы талдау және таңдау болып табылады. Дипломдық жобада ЭКГ-5И шөмішті карьер экскаваторының автоматтандырылған электр жетегі жобаланды. Жоба келесідей негізгі үш бөлімнен тұрады: негізгі бөлім, өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Негізгі бөлімде басты есептеу және жобалау жұмыстары жүргізілген. Карьер экскаваторының электр жетегінде қолданылатын қысым, көтеру және бұрылу механизмдерінің тиристорлы түрлендіргішті қозғалтқыштары таңдалды және салыстырмалы есептеулер жүргізілді.

Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі бөлімінде жұмысшылардың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жүргізілді. Соның ішінде электр қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі туралы есептеулер жүргізілген.

Экономикалық бөлімде ЭКГ-5И карьер экскаваторының жұмысшыларына төленетін еңбекақы көлемі, амортизациялық, материалдық және электр энергиясының шығындары есептелінді. Тиристорлі түрлендіргішті қозғалтқышты ЭКГ-5И карьер экскаваторының электр жетегінде қолданудың тиімділігі есептелінді.